СЕЛЕКТИВНОЕ ИЗВЛЕЧЕНИЕ ИОНОВ ЗОЛОТА И ЖЕЛЕЗА ИЗ ЦИАНИДНЫХ РАСТВОРОВ ИНТЕРПОЛИМЕРНЫМИ СИСТЕМАМИ LEWATIT(H⁺)–AV-17-8(OH⁻) И LEWATIT(Na⁺)–AV-17-8(Cl⁻)

Сулейменова Меруерт — PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан,

E-mail: suleimenova.me@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-0773-2450>;

Джумадилов Талкыбек — заведующий лабораторией синтеза полимеров и физико-химии, доктор химических наук, профессор, АО «Институт химических наук им. А.Б. Бектурова», Казахский национальный педагогический университет им.Абая, Алматы, Казахстан,

E-mail: jumadilov@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9505-3719>;

Гражулявичюс Юозас Видас — доктор химических наук, профессор, Каунасский технологический университет, Каунас, Литва,

E-mail: juozas.grazulevicius@ktu.lt, <https://orcid.org/0000-0002-4408-9727>.

Аннотация. В статье представлены результаты исследования сорбционных и кинетических свойств интерполимерных систем Lewatit(H⁺)–AV-17-8(OH⁻) и Lewatit(Na⁺)–AV-17-8(Cl⁻), предназначенных для извлечения ионов золота и железа из цианидных растворов. Актуальность работы обусловлена необходимостью создания эффективных сорбционных систем, способных селективно извлекать золото из цианидных растворов, содержащих железосодержащие комплексы. В ходе исследования интерполимерные системы формировали при различных мольных соотношениях компонентов, после чего изучали процессы сорбции и десорбции. Ионный состав растворов определяли методом атомно-эмиссионной спектроскопии с индуктивно связанной плазмой на приборе Thermo Scientific iCAP PRO XR. Механизм взаимодействия сорбентов с металлоцианидными комплексами исследовали методом ИК-спектроскопии с преобразованием Фурье (FTIR). Кинетику сорбции анализировали с использованием модели псевдовторого порядка. Установлено, что система Lewatit(H⁺)–AV-17-8(OH⁻) характеризуется более высокими коэффициентами распределения и селективности по отношению к ионам [Au(CN)₂]⁻ по сравнению с системой Lewatit(Na⁺)–AV-17-8(Cl⁻), особенно при мольных соотношениях 4:2 и 1:5 ($\beta > 2,9$). Кинетические данные хорошо описываются моделью псевдовторого порядка ($R^2 = 0,9896–0,9999$). Для системы Lewatit(H⁺)–AV-17-8(OH⁻) значения k_2 изменялись в пределах 0,016–0,520 г·мг⁻¹·ч⁻¹, тогда как для системы Lewatit(Na⁺)–AV-17-8(Cl⁻) – 0,055–0,658 г·мг⁻¹·ч⁻¹. ИК-спектральный анализ показал участие четвертичных аммониевых групп в связывании металлоцианидных комплексов. Эксперименты по десорбции подтвердили, что обе системы способны регенерировать ионы [Au(CN)₂]⁻ с высокой эффективностью – 94,45–99,82 %. Полученные результаты свидетельствуют о перспективности интерполимерной системы Lewatit(H⁺)–AV-17-8(OH⁻) для селективного извлечения золота из цианидных растворов, содержащих комплексы железа.

Ключевые слова: интерполимерные системы, селективная сорбция, цианидные растворы, золото, железо, металлоцианидные комплексы, кинетика сорбции, модель псевдовторого порядка

Кіріспе. Алтын электроника, есептеуіш техника, денсаулық сақтау және агроарыш өнеркәсібі сияқты жоғары технологиялық салаларда кеңінен қолданылады. Бұл металдың ерекше маңыздылығы оның жоғары электрөткізгіштігімен, пластикалылығымен, коррозияға төзімділігімен және каталикалық белсенділігімен анықталады (Cai et al., 2025). Байытылмайтын ұсақ алтын кендерін өндеуде гидрометаллургиялық технологиялар кеңінен қолданылады. Гидрометаллургиялық өндеудің негізі ретінде алтынды сілтілік және сілтілік-жер металдарының цианид ерітінділерінде тотықтырғыштар қатысында еріту процесі қарастырылады. Цианидті шаймалау процесі оттегінің қатысуымен сілтілі ортада алтынның цианид иондарымен кешен түзуіне негізделеді, бұл төменде келтірілген реакция арқылы сипатталады (Birich et al., 2019; Neag et al., 2021).



Цианирлеу процесінен кейін ерітіндіге өткен алтынды өнеркәсіпте белсендірілген көмірде адсорбциялау арқылы бөліп алады (Barzack et al., 2015). Адсорбциядан кейін қаныққан белсендірілген көмір алтынды десорбциялау сатысына жіберіледі. Алайда, белсендірілген көмір, жоғары сорбциялық сыйымдылығы мен жылдам кинетикалық сипаттамаларына қарамастан, бірқатар кемшіліктерге ие, соның ішінде көп компонентті цианид ерітінділеріндегі шектеулі селективтілігі, механикалық деградацияға бейімділік және энергияны талап ететін регенерацияның қажеттілігі, бұл жоғары селективтілігі мен пайдалану тұрақтылығы бар балама сорбенттерді әзірлеудің өзектілігін көрсетеді (Tarfuma et al., 2026).

Көптеген кендерде алтын темірқұрамды минералдармен, атап айтқанда пирит, пирротин және арсенопиритпен тығыз ассоциацияда кездеседі (Bas et al., 2018). Сондықтан құрамында темір иондары бар көпкомпонентті жүйелерден Au(I)-ді селективті түрде бөліп алу күрделі мәселе болып табылады, өйткені Fe(II) иондарының болуы сорбция тиімділігін төмендетіп, компоненттерді бөлуді қиындатады және процестің технологиялық көрсеткіштерін нашарлатуы мүмкін (Mondal et al., 2026).

Әдеби шолу. Ионалмастырғыш шайырлар алтынды бөліп алу үдерісінде қолданылатын материалдардың бірі болып табылады, себебі олар жоғары алмасу сыйымдылығымен, химиялық тұрақтылығымен және агрессивті ортада регенерациялану мүмкіндігімен ерекшеленеді. Катионалмастырғыш және анионалмастырғыш матрицаларды қолдану арқылы жасалынатын интерполимерлік жүйелер сорбциялық қасиеттерін өзгерту мүмкіндігімен ерекшеленеді. Соңғы зерттеулерге сәйкес, мұндай жүйелерде қашықтан өзара әрекеттесу әсері, полимер тізбектерінің өзара активтенуі және функционалдық топтардың қолжетімділігінің өзгеруі байқалған, бұл олардың алтын иондарымен әрекеттесу ерекшеліктеріне әсер етеді (Biswas et al., 2026; Marin et al., 2024; Jumadilov et al., 2025).

Алтынды темірден селективті түрде бөліп алу мәселесі күрделі минералдық және техногендік шикізатты өңдеу кезінде ерекше маңызға ие, өйткені темір алтынмен қатар жүретін негізі компоненттердің бірі болып табылады. Ионалмастырғыш материалдарды қолдану алтынды бөліп алудың селективтілігін арттыруға мүмкіндік беретіні көрсетілген, алайда процестің тиімділігі сорбент табиғатына, жүйе компоненттерінің арақатынасына және десорбция жағдайларына едәуір тәуелді.

Зерттеуде Fe(II) иондарының қатысында Au(I) иондарын селективті бөліп алу үшін Lewatit(H⁺)–AV-17-8(OH⁻) және Lewatit(Na⁺)–AV-17-8(Cl⁻) негізіндегі интерполимерлік жүйелерді қолдану мүмкіндігі зерттелді және екі жүйенің тиімділігі салыстырылды. Жұмыста жүйе компоненттерінің мольдік арақатынасының сорбциялық сыйымдылыққа, селективтілікке, кинетикаға және алтынның десорбция тиімділігіне әсеріне назар аударылды. Мұндай тәсіл асыл металдардың селективті сорбциясы механизмдері туралы түсінікті кеңейтуге мүмкіндік береді және алтынқұрамды гидрометаллургиялық ерітінділерді өңдеудің жаңа технологияларын әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

Материалдар мен зерттеу әдістері.

Интерполимерлік жүйелерді алу үшін Lewatit(H⁺) және AV-17-8(OH⁻), сондай-ақ Lewatit(Na⁺) және AV-17-8(Cl⁻) ионалмастырғыштары таңдалды. Иониттер алдын ала берілген мольдік қатынастарда (6:0, 5:1, 4:2, 3:3, 2:4, 1:5 және 0:6) дайындалып, жалпы мөлшері тұрақты сақталды. Иониттер арасындағы арақашықтық ерітінді ортасында қашықтан әрекеттесу процесінің жүруін қамтамасыз етті. Сорбция процесі құрамында 30 мг/л [Au(CN)₂]⁻ және 30 мг/л [Fe(CN)₆]⁴⁻ бар модельді ерітінділерде жүргізілді. Сынамалар келесі уақыт аралықтарында алынды: 0,5; 1; 2,5; 24; 48 сағат. Ерітінді көлемі 200 мл құрады. 48 сағаттан кейін иониттер десорбция процесі үшін ерітіндіден бөлініп алынды. Ерітіндідегі алтын мен темірдің қалдық концентрациялары толқын ұзындығы 167.021–852.145 нм аралығында жұмыс жасайтын және өлшеу қателігі 1%-дан аспайтын индуктивті байланысқан плазмалы оптикалық эмиссиялық спектроскопия (ICP-OES) әдісімен ICAP PRO XP спектрометрінде (Thermo Fisher Scientific, Уинсфорд, Ұлыбритания) анықталды. Полимерлердің құрылымдық сипаттамаларын зерттеу үшін функционалдық топтарды анықтауға арналған ИҚ-Фурье спектроскопиясы (FTIR) қолданылды.

Эксперименттік деректерді өңдеу.

Интерполимерлік жүйелердің сорбциялық қасиеттерін анықтау үшін металл иондарының сорбциялану дәрежесі, таралу коэффициенті және селективтілік коэффициенттері есептелді. Металдардың сорбциялану дәрежесі (η , %) келесі теңдеу бойынша анықталды:

$$\eta = \frac{(C_0 - C_e)}{C_0} \times 100 \quad (1)$$

мұндағы: C_0 – ерітіндідегі металл ионының бастапқы концентрациясы, мг/л; C_e – металл иондарының ерітіндідегі қалдық концентрациясы, мг/л.

Ионның ерітіндімен ионалмастырғыш шайыр арасында таралу коэффициенті (K_d) төмендегі формула бойынша есептелді:

$$K_d = \frac{(C_0 - C_e)}{C_e} \times \frac{V}{m} \quad (3)$$

мұндағы: C_0 – металл ионының бастапқы концентрациясы, мг/л; C_e – металл иондарының ерітіндідегі қалдық концентрациясы, мг/л. V – ерітінді көлемі, л; m – сорбент массасы, г.

Интерполимерлік жүйенің алтын иондарына селективтілігі селективтілік коэффициенті арқылы анықталды:

$$\beta = \frac{K_d(Au)}{K_d(Fe)} \quad (4)$$

мұндағы: $K_d(Au)$ және $K_d(Fe)$ – сәйкесінше алтын мен темір иондарының таралу коэффициенттері. Егер $\beta > 1$ болса жүйенің алтынға деген басым селективтілігін көрсетеді, ал $\beta < 1$ мәні темір иондарының алтынмен салыстырғанда артық сорбциялануын білдіреді.

Сорбция кинетикасын сипаттау үшін псевдо-бірінші ретті (ПБР) және псевдо-екінші ретті (ПЕР) кинетикалық модельдер пайдаланылды.

Псевдо-бірінші ретті моделі үшін келесі формула пайдаланылды:

$$q_t = q_e (1 - \exp(-k_1 t)) \quad (5)$$

мұндағы: q_t – уақыт мезетіндегі сорбциялық сыйымдылық, мг/г; q_e – тепе-теңдік сорбциялық сыйымдылық, мг/г; k_1 – псевдо-бірінші ретті модельдің жылдамдық константасы, $\text{г} \times \text{мг}^{-1} \times \text{сағ}^{-1}$; t – сорбция уақыты.

Псевдо-екінші ретті моделі үшін келесі формула пайдаланылды:

$$q_t = \frac{k_2 q_e^2 t}{1 + k_2 q_e t} \quad (6)$$

мұндағы: q_t – уақыт мезетіндегі сорбциялық сыйымдылық, мг/г; q_e – тепе-теңдік сорбциялық сыйымдылық, мг/г; k_2 – псевдо-екінші ретті модельдің жылдамдық константасы, $\text{г} \times \text{мг}^{-1} \times \text{сағ}^{-1}$; t – сорбция уақыты.

Металдардың десорбциясы.

Десорбция процесі 2%-дық күкірт қышқылы және 9%-дық тиомочевина қоспасынан тұратын ерітіндімен жүргізілді. $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ және $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондарының десорбциялану дәрежесі келесі формулаға сәйкес есептелді:

$$R = \frac{m_{\text{desorp}}}{m_{\text{sorp}}} \times 100 \quad (7)$$


мұндағы: m_{sorp} – сорбция процесінен кейінгі сорбцияланған метал иондарының массасы, мг; m_{desorp} – ерітіндіге десорбцияланған иондардың массасы, мг.

Зерттеу нәтижелері және талқылау.

Lewatit(H⁺)–AV-17-8(OH⁻) және Lewatit(Na⁺)–AV-17-8(Cl⁻) интерполимерлік жүйелері негізіндегі сорбция нәтижелері. Lewatit(H⁺)–AV-17-8(OH⁻) және Lewatit(Na⁺)–AV-17-8(Cl⁻) интерполимерлік жүйелерінің сорбциялық қасиеттерін салыстыру нәтижелері екі жүйеде де $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ және $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондарының сорбциялану дәрежесі уақыттың артуымен жоғарылайтынын көрсетті. Сорбция нәтижелерін салыстыру барысында екі жүйеде де AV-17-8 үлесінің ұлғаюы $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ мен $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ бөліп алу дәрежесінің өсуімен қатар жүретіні анықталды. Жеке Lewatit(H⁺) сорбентінің 6:0 мольдік қатынасындағы сорбциялық белсенділігінің төмен болуы оның күшті қышқылды катионалмастырғыш H⁺-формасы болуымен түсіндіріледі, ал зерттелетін $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ мен $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ аниондық сипатқа ие болғандықтан катионитпен әрекеттесуі шектелген (Dizge et al., 2009). Алғашқы сағаттарда сорбция қарқынды жүріп, 24–48 сағат аралығында тепе-теңдік күйіне жақындады. Lewatit(H⁺)–AV-17-8(OH⁻) жүйесінде AV-17-8 үлесінің артуымен $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ иондарының сорбциялану дәрежесі едәуір жоғарылап, 4:2 арақатынасында 48 сағаттан кейін 97,29%-ға жетті. Сонымен қатар, 2:4, 1:5 және 0:6 арақатынастарында да алтынның жоғары

дәрежеде сорбциялануы байқалды. $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондары да жоғары дәрежеде сорбцияланғанымен, таралу және селективтілік коэффициенттерінің нәтижелері бұл жүйенің $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ иондарына қатысты артықшылыққа ие екенін көрсетті. Lewatit(Na^+)-AV-17-8(Cl^-) жүйесінде $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ иондарының сорбциялану дәрежесі уақыт өте жоғары мәндерге жеткенімен, көптеген арақатынастарда $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондарының қатар сорбциялануы байқалды. Нәтижесінде бұл жүйе үшін алтын мен темір кешендерінің бөліну тиімділігі төменірек болды.

$[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ және $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондарының таралу және селективтілік коэффициенттері. Lewatit(H^+)-AV-17-8(OH^-) және Lewatit(Na^+)-AV-17-8(Cl^-) интерполимерлік жүйелері үшін селективтілік коэффициенттерінің мәндері 1-суретте көрсетілген. Таралу коэффициенттерін салыстыру нәтижелері Lewatit(H^+)-AV-17-8(OH^-) интерполимерлік жүйесінде $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ иондарының сорбциясы басым жүретіні байқалды. Бұл жүйе үшін селективтілік коэффициентінің β ең жоғары мәндері 4:2 және 1:5 арақатынастарында байқалды, бұл алтынның цианидті кешендерінің темірдің ферроцианидті кешендерімен салыстырғанда тиімдірек сорбцияланатынын көрсетеді. Ал 3:3 және 2:4 арақатынастарында β коэффициентінің 1-ден төмен болуы $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондарының салыстырмалы түрде басым сорбцияланатынын білдіреді. Lewatit(Na^+)-AV-17-8(Cl^-) жүйесі үшін селективтілік коэффициентінің β мәндері жалпы алғанда төмен болды. β ең жоғары мәндері 5:1 және 4:2 арақатынастарынла тіпкелді. Ал 1:5 және 0:6 арақатынастарында $\beta = 0,394$ және $0,581$ құрап, $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондарының басым сорбцияланатынын көрсетті. Lewatit(H^+)-AV-17-8(OH^-) жүйесінде байқалған жоғары $K_d(\text{Au})$ мәндері қышқылды және негізді иониттердің қашықтан өзара әсерлесуі нәтижесінде функционалдық топтардың иондану дәрежесінің артуымен және OH^- -формасындағы AV-17-8 сорбентінде аниондық алтын кешендерінің алмасу процесінің жеңілдеуімен байланысты болуы мүмкін.



Сурет 1 — Lewatit(H^+)-AV-17-8(OH^-) және Lewatit(Na^+)-AV-17-8(Cl^-) интерполимерлік жүйелерінің $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ ионына селективтілік коэффициенттері.


Lewatit(H)-AV-17-8(OH) және *Lewatit(Na)-AV-17-8(Cl)* интерполимерлік жүйелері үшін кинетикалық зерттеулер нәтижесі. Псевдо-бірінші ретті кинетикалық модельдің нәтижелері аппроксимациялық параметрлерінің мәндері өте төмен болғандықтан мақалада көрсетілмеді. Сондықтан сорбция кинетикасын одан әрі талқылау псевдо-екінші ретті кинетикалық моделі арқылы сипатталды. 1-кестеде көрсетілген мәндерге сәйкес, екі жүйе үшін де тепе-теңдік сорбциялық сыйымдылықтың есептелген мәндері $q_e^{\text{есеп}}$ тәжірибелік мәндермен $q_e^{\text{тәж}}$ жақсы сәйкескелетіні анықталды, бұл псевдо-екінші ретті модельдің сорбция кинетикасын сипаттауға жоғары қолданылымдылығын көрсетеді. *Lewatit(H)-AV-17-8(OH)* жүйесі үшін $q_e^{\text{тәж}}$ мәндері 26,81-ден 21,11 мг/г-ға дейін өзгереді, ал сәйкес $q_e^{\text{есеп}}$ мәндері 28,33-тен 21,14 мг/г-ға дейін құрайды, ал детерминация коэффициенттері 0,9896–0,9999 аралығында орналасады. *Lewatit(Na⁺)-AV-17-8(Cl⁻)* жүйесі үшін де сорбциялық сыйымдылықтың тәжірибелік және есептелген мәндерінің жақын сәйкестігі байқалады: $q_e^{\text{тәж}}$ 17,30–29,41 мг/г құрайды, ал $q_e^{\text{есеп}}$ - 17,70–29,41 мг/г, R^2 мәндері 0,9997–0,9999 аралығында. Алынған деректер псевдо-екінші ретті модельдің екі зерттелген интерполимерлік жүйедегі сорбция кинетикасын жақсы сипаттайтынын көрсетеді. *Lewatit(H)-AV-17-8(OH)* жүйесі үшін k_2 жылдамдық константасы 5:1 қатынасынан 0:6 қатынасына өткенде 0,016-дан 0,520 г/(мг·сағ)-ға дейін артады, бұл AV-17-8(OH) үлесінің ұлғаюымен сорбция процесінің жылдамдауын білдіреді. Ұқсас үрдіс *Lewatit(Na)-AV-17-8(Cl)* жүйесі үшін де байқалады, мұнда k_2 мәндері 0,055-тен 0,658 г/(мг·сағ)-ға дейін артады. Алынған нәтижелер сорбция процесінің сорбенттің белсенді орталықтарында жүретіні және сорбцияланатын иондар мен интерполимерлік жүйенің функционалдық топтары арасындағы хемосорбциялық әрекеттесумен байланысты болуы мүмкін екенін көрсетеді (Parlar et al., 2026).

Кесте 1 — *Lewatit(H)-AV-17-8(OH)* және *Lewatit(Na⁺)-AV-17-8(Cl⁻)* интерполимерлік жүйелері үшін псевдо екінші ретті кинетикалық модель параметрлері


Кинетикалық модель	Параметр	Мольдік қатынас					
		5:1	4:2	3:3	2:4	1:5	0:6
Псевдо екінші ретті модель	<i>Lewatit(H⁺)-AV-17-8(OH⁻)</i>						
	$q_e^{\text{тәж}}$, мг/г	26,81	33,47	29,61	26,12	23,31	21,11
	$q_e^{\text{есеп}}$, мг/г	28,33	33,67	30,03	26,32	23,47	21,14
	k_2 , г×мг ⁻¹ ×сағ ⁻¹	0,016	0,079	0,056	0,114	0,168	0,520
	R^2	0,9896	0,9997	0,9995	0,9997	0,9999	0,9999
	<i>Lewatit(Na⁺)-AV-17-8(Cl⁻)</i>						
	$q_e^{\text{тәж}}$, мг/г	17,30	24,77	29,41	23,86	23,27	21,09
	$q_e^{\text{есеп}}$, мг/г	17,70	24,88	29,41	24,10	23,36	21,14
	k_2 , г×мг ⁻¹ ×сағ ⁻¹	0,055	0,142	0,096	0,075	0,366	0,658
	R^2	0,9997	0,9999	0,9997	0,9999	0,9999	0,9999

Lewatit(H⁺)-AV-17-8(OH⁻) және *Lewatit(Na⁺)-AV-17-8(Cl⁻)* интерполимерлік жүйелері үшін ИК-спектроскопия нәтижелері. 2, 3 – суреттерде $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$

$[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондарын сорбциялағаннан кейінгі AV-17-8(OH⁻) және AV-17-8(Cl⁻) аниониттерінің ИҚ-спектрлері келтірілге. Спектрлерді талдау полистиролдивинилбензол матрицасының негізгі құрылымдық элементтері мен төрттік аммоний функционалдық топтарының сорбция процесінен кейін сақталатынын көрсетті. 3400 см⁻¹ маңайындағы кең жолақ сорбент құрамындағы су молекулаларының О–Н валенттік тербелістеріне сәйкес келеді. Сорбциядан кейін бұл жолақтың қарқындылығы мен пішінінің өзгеруі гидраттық қабықшадағы сутектік байланыстар құрылымының қайта ұйымдасуымен байланысты болуы мүмкін. 2920–2850 см⁻¹ аймағындағы С–Н валенттік тербелістерінің жолақтары іс жүзінде өзгеріссіз қалады, бұл полимер қаңқасының бұзылмағанын көрсетеді. 1650–1500 см⁻¹ диапазонында ароматты С=С байланыстарының және төрттік аммоний –N⁺(CH₃)₃ топтарының тербелістеріне сәйкес келетін жолақтар байқалады. Бұл аймақта тіркелген өзгерістер сорбция процесі барысында металлоцианидті кешендердің сорбентпен өзара әрекеттесуін көрсетеді. $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ және $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондарының сорбциялануының негізгі спектрлік белгісі 2150–2100 см⁻¹ аймағында орналасқан С≡N байланысының валенттік тербелістеріне сәйкес жолақтардың пайда болуы болып табылады. 1300–1000 см⁻¹ аймағында С–N және С–О байланыстарының валенттік тербелістеріне сәйкес келетін жолақтардың қарқындылығы мен орналасуында өзгерістер байқалады. Бұл құбылыс төрттік аммоний топтарының иондық алмасу процесіне қатысуымен және металлоцианидті кешендердің сорбент құрылымында бекітілуімен түсіндіріледі. Ұқсас өзгерістер әдебиетте аниониттер арқылы металлоцианидті кешендерді сорбциялау кезінде де сипатталған (Lin et al., 2025). ИҚ-спектрлердегі өзгерістер металлоцианидті кешендердің AV-17-8 анионитінің функционалдық топтарымен өзара әрекеттесуін және олардың сорбент құрылымында бекітілгенін көрсетеді.




Сурет 2 — AV-17-8(OH⁻) анионитінің $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ және $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондарын сорбциялау процесіне дейінгі (а) және сорбция процесінен кейінгі (б) ИҚ-спектрлері.




Сурет 3 — AV-17-8(Cl⁻) анионитінің $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ және $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондарын сорбциялау процесіне дейінгі (а) және сорбция процесінен кейінгі (б) ИК-спектрлері.

Lewatit(H)-AV-17-8(OH) және *Lewatit(Na)-AV-17-8(Cl)* интерполимерлік жүйелері үшін десорбция бойынша зерттеу нәтижелері. *Lewatit(H⁺)-AV-17-8(OH⁻)* жүйесі үшін $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ иондарының десорбция дәрежесі 72 сағаттан кейін 5:1 арақатынасында 99,82%-ға, 4:2 арақатынасында 97,42%-ға, 1:5 арақатынасында 99,01%-ға және 0:6 арақатынасында 99,59%-ға жетті. Алынған нәтижелер аталған интерполимерлік жүйеде $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ десорбциясы барлық дерлік арақатынастарда жоғары тиімділікпен жүреді. $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондары үшін ең төменгі көрсеткіш 5:1 арақатынасында байқалып, 58,03% - ды құрады. *Lewatit(Na⁺)-AV-17-8(Cl⁻)* жүйесінде $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ иондарының десорбция дәрежесі 72 сағаттан кейін 5:1 арақатынасында 95,25%, 4:2 арақатынасында 94,45%, 2:4 арақатынасында 96,85%, 1:5 арақатынасында 96,92% және 0:6 арақатынасында 94,80% болды. $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондары үшін ең төменгі мән 5:1 арақатынасында тіркеліп, 50,64%-ды құрады, ал 4:2 арақатынасында бұл көрсеткіш 70,58%-ға жетті. Қалған арақатынастарда $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ десорбциясы 55,65–84,69% аралығында өзгерді.



Сурет 4 — Lewatit(H⁺)–AV-17-8(OH⁻) интерполимерлік жүйесі үшін Au(I)(a), Fe(II)(б) десорбция нәтижелері



Сурет 5 — Lewatit(Na⁺)–AV-17-8(Cl⁻) интерполимерлік жүйесі үшін Au(I)(a), Fe(II)(б) десорбция нәтижелері

Жалпы алғанда, екі интерполимерлік жүйе де $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ иондарын жоғары дәрежеде десорбциялауға қабілетті екенін көрсетті, десорбция тиімділігі 94,45–99,82 аралығында болды. Ал $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондары үшін десорбция дәрежесіндегі айырмашылықтар темір кешендерінің сорбентпен әрекеттесу сипатының жүйе құрамына тәуелді екенін және зерттелген интерполимерлік жүйелердегі фазааралық өзара әсерлесу ерекшеліктерін көрсетеді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу барысында $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ және $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондары бар модельді цианид ерітінділеріндегі Lewatit(H⁺)–AV-17-8(OH⁻) және Lewatit(Na⁺)–AV-17-8(Cl⁻) интерполимерлік жүйелерінің сорбциялық қасиеттері салыстырмалы түрде зерттеліп бағаланды. Алынған нәтижелер негізінде мынадай тұжырымдар жасалды:

1. Катионалмастырғыш және анионалмастырғыш компоненттердің мольдік арақатынасы $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ және $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондарының сорбциялану дәрежесіне тікелей әсер ететіні анықталды.

2. Lewatit(H⁺)–AV-17-8(OH⁻) жүйесі $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ иондарына қатысты жоғары тиімділік көрсетті. Әсіресе 4:2 және 1:5 мольдік арақатынастарында таралу және селективтілік коэффициенттерінің жоғары мәндері ($\beta > 2,9$) байқалды. Lewatit(Na⁺)–AV-17-8(Cl⁻) жүйесінде алтынның сорбциялануы тіркелгенімен, селективтілігі салыстырмалы төмен болды.

3. Кейбір мольдік арақатынастарда $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ иондарының қатар сорбциялануы алтынға деген селективтіліктің төмендеуіне алып келді, бұл жүйе құрамын оңтайландыру қажеттілігін айқындайды.

4. Сорбция кинетикасы псевдо-екінші ретті модельмен жақсы сипатталды ($R^2 = 0,9896-0,9999$), бұл модельдің тәжірибелік мәндермен жоғары сәйкестігін көрсетті.

5. ИҚ-Фурье спектроскопиялық талдау нәтижелері металлоцианид кешендердің сорбент құрылымында бекітілетінін көрсетті. Сорбциядан кейін $\text{C}\equiv\text{N}$ байланысына тән жолақтардың пайда болуы және төрттік аммоний топтарына сәйкес жолақтардың өзгеруі ион алмасу процесінің жүзеге асқанын көрсетеді.

6. Десорбция нәтижелері екі интерполимерлік жүйенің де $[\text{Au}(\text{CN})_2]^-$ иондарын жоғары регенерация дәрежесімен бөліп шығаруға қабілетті екенін растады. $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ десорбциялану дәрежесінің жүйе құрамына тәуелділігі темір кешендерінің полимер матрицасымен байланысу беріктігінің әртүрлілігін көрсетеді.

References

- Cai A., Yang K., Xu L., Li M., Zhang W., Yang C., Tian Y., and Zhao Z. (2025) Mechanistic Study of Selective Gold Extraction by Aza-Crown Ether. *Separation and Purification Technology*, 376. — P.133974. <https://doi.org/10.1016/j.seppur.2025.133974> (in Eng.).
- Birich A., Stopic S., and Friedrich B. (2019) Kinetic Investigation and Dissolution Behavior of Cyanide Alternative Gold Leaching Reagents. *Scientific Reports*, 9. — P.7191. <https://doi.org/10.1038/s41598-019-43383-4> (in Eng.).
- Barczak M., Michalak-Zwierz K., Gdula K., Tyszczyk-Rotko K., Dobrowolski R., and Dąbrowski A. (2015) Ordered Mesoporous Carbons as Effective Sorbents for Removal of Heavy Metal Ions. *Microporous and Mesoporous Materials*, 211. — P. 162–173. <https://doi.org/10.1016/j.micromeso.2015.03.010> (in Eng.).
- Neag E., Kovacs E., Dinca Z., Török A.I., Varaticeanu C., and Levei E.A. (2021) Hydrometallurgical Recovery of Gold from Mining Wastes. *Strategies of Sustainable Solid Waste Management*. — P. 108–121. <https://doi.org/10.5772/intechopen.98212> (in Eng.).
- Tapfuma A., Mutimutema P., Bazhko O., Nkabinde S., Ledwaba M., Kabangu J.M., Chiwaye N., Muller E., and Ndlovu G. (2026) Gold Tailing Metal Extraction and Sustainable End-Use: A Closed-Loop Review. *Minerals Engineering*, 239. — P. 110075. <https://doi.org/10.1016/j.mineng.2026.110075> (in Eng.).
- Bas A.D., Larachi F., and Laflamme P. (2018) The Effect of Pyrite Particle Size on the Electrochemical Dissolution of Gold During Cyanidation. *Hydrometallurgy*, 175. — P. 367–375. <https://doi.org/10.1016/j.hydromet.2017.12.016> (in Eng.).
- Mondal A., Saha R., Upadhyay D., Mallick S.P., Pruseth K.L., and Chakraborty A. (2026) A Machine Learning Approach in Type-Discrimination and Exploration of Gold Deposits Using Pyrite Trace Element Chemistry. *Journal of Geochemical Exploration*. — P. 108011. <https://doi.org/10.1016/j.gexplo.2026.108011> (in Eng.).
- Biswas F.B., Rahman I., and Hasegawa H. (2026) Functionalized Biosorbents for the Sorption of Precious Metals from Waste Resources: A Review of Functionalization Methods, Sorption Mechanisms, and Post-Sorption Recovery Strategies. *Separation and Purification Technology*. — P. 137495. <https://doi.org/10.1016/j.seppur.2026.137495> (in Eng.).
- Marin N.M., Nita-Lazar M., Popa M., Galaon T., and Pascu L.F. (2024) Current Trends in Development and Use of Polymeric Ion-Exchange Resins in Wastewater Treatment. *Materials*, 17(23). — P.5994. <https://doi.org/10.3390/ma17235994> (in Eng.).

Jumadilov T., Kabzhalelov K., Malimbayeva Z., and Korganbayeva Z. (2025) Features of Selective Sorption of Neodymium and Praseodymium Ions by Interpolymer Systems Based on Industrial Sorbents KU-2-8 and AV-17-8. *Polymers*, 17(4). — P. 440. <https://doi.org/10.3390/polym17040440> (in Eng.).

Jumadilov T., Kabzhalelov K., Khimersen K., Totkhuskyzy B., and Mukatayeva Z. (2025) Study of the Kinetics of Sorption of Praseodymium and Neodymium Ions Using Interpolymer Systems Based on KU-2-8 and AB-17-8 in Salt Forms. *Kompleksnoe Ispolzovanie Mineralnogo Syra = Complex Use of Mineral Resources*, 339(4). — P. 21–29. <https://doi.org/10.31643/2026/6445.37> (in Eng.).

Jumadilov T., and Kabzhalelov K. (2026) Features of Extraction of Neodymium Ions by Interpolymer Systems Based on Salt Forms of Industrial Ionites. *Kompleksnoe Ispolzovanie Mineralnogo Syra = Complex Use of Mineral Resources*, 336(1). — P. 30–38. <https://doi.org/10.31643/2026/6445.03> (in Eng.).

Dizge N., Keskinler B., and Barlas H. (2009) Sorption of Ni(II) Ions from Aqueous Solution by Lewatit Cation-Exchange Resin. *Journal of Hazardous Materials*, 167(1–3). — P. 915–926. <https://doi.org/10.1016/j.jhazmat.2009.01.073> (in Eng.).

Parlar E.D., Sari M.A., Can M. (2026) Selective Recovery of Gold from Electronic Circuit Board Waste with Pyrogallol-Formaldehyde Polymer Based Resin. *Hydrometallurgy*. — P. 106633. <https://doi.org/10.1016/j.hydromet.2026.106633> (in Eng.).

Lin X., Song M.H., Lei L., Tran D.T., Shu Y., Lim C.R., Wu X., Mao J., Yun Y.S. (2025) Rapid and Efficient Recovery of Au(I) from Cyanide Gold Leachate via Quaternary Ammonium-Functionalized Chitosan Fibers: Insights into Synthesis Mechanism and Adsorption Behavior. *Separation and Purification Technology*, 362. — P. 131830. <https://doi.org/10.1016/j.seppur.2025.131830> (in Eng.).

**Publication Ethics and Publication Malpractice
in the journals of the «Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

*Managing Editor: A.Shormakova
Editors: D.S. Alenov, T. Apendiev
Computer layout: G.D. Zhadyranova*

Signed for print: June 30, 2026

Format: 70×90 1/16. 24.0 printed sheets. Order No. 2